

Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссия

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2017 жылғы 27 наурыздағы № 38-ө өкімі

Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі –Комиссия) «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес құрылды.
2. Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және халықаралық ізгілік көмек мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін құрылған.
3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және қолданыстағы заңнамасын, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
4. Комиссияның отырыстары шет мемлекеттердің ізгілік көмек көрсету туралы ресми өтініштеріне қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының тапсырмаларының келіп түсуіне қарай өткізіледі.
5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

2. Комиссияның міндеттері

6. Комиссияның негізгі міндеттері:
 - 1) Қазақстан Республикасының ізгілік көмек көрсетуіне, шетелдік ізгілік көмекті тартуына, алуына және пайдалануына байланысты мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу;
 - 2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне қажеттілігіне қарай халықаралық ізгілік көмек ісінің жағдайы туралы қорытылған мәліметтерді, сондай-ақ өз өкілеттіктерін орындау үшін қажетті басқа да ақпарат беру болып табылады.

3. Комиссияны ұйымдастыру мен жұмыс тәртібі

7. Комиссияны ұйымдастыру мен жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.